

«Қарлығаш» бөбекжай – балабақшасының МКҚК
қамқоршылық кеңес төрайымына
және кеңес мүшелеріне

Хабарлама

1. Қамқоршылық кеңесінің отырысы 2024 жылғы 25 желтоқсанда сағат 11.30. өткізіледі. Отырысты қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Жолдасова жүргізеді.
2. Балабақша менгерушісінің, балабақшада атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау.
3. Топтағы мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктердің ұйымдастырылуы туралы.

Жиналыс төрайымы:



А. Жолдасова

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы МКҚК-да өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы

Ақбастау ауылы

«25» желтоқсан 2024ж

Қатысқандар :12

Жиналыс төрайымы: Жолдасова А

Хатшы : Тургумбаева А

Күн тәртібінде:

1.Топтағы мерекелік іс-шаралар,ертеңгіліктердің ұйымдастырылуы туралы

3.Жандаралы Жансая **Тыңдалды:** «Қарлығаш»бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі:

Турмаханбетова Дана Байгазиевна сөз алды.Балабақша ішінде атқарылған жұмыстары туралы есеп берді.

2.Жоспар бойынша қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізіліп,күн тәртібіндегі жұмыстар талқыланып отырылды.Жиналыста ағымдағы мәселе талқыланды.Балаларға қатысты кеңестер берілді.Жұмыс жоспарының негізінде ата-аналар назарына балабақшаның ішкі тәртібін сақтау маңыздылығы,балалардың тамақтану ерекшеліктері және азық-түліктердің теңгерімділігін сақтау,күнделікті ас мәзіріне тоқталып өтті.Балабақшаның баланың тамақтануына бір күндік ақысы 400 теңге сол қаражат есебінен айына 1 рет мердігер «Боранбай» азық-түлікті жеткізіп отырады.Таңғы асқа түрлі әрі пайдалы ботқалар,түскі асқа дәрумендерге толы салаттар мен бірінші және екінші тамақтар дайындалады.Балаларға күн сайын дәмді әрі пайдалы тамақтар ұсынады.

Жыл барысында топта мерекелік іс-шаралар аталып өтті.Қазан айында «Берекелі алтын күз»,мерекелік ертеңгілігі өтті.Балалар мен ата-аналар белсене қатысып,мерекеміз ойдағыдай болды.Ата-аналармен ұлттық құндылықтар бойынша әр аптаның бейсенбі күні әжелерімізбен бірге ертегі айтып,балаларымызға ұлттық тәрбие беріледі.Ата-аналарымыз қатысып балалардың балабақшадағы өміріне,ішкі тәртібіне куә болып,өз

ризашылықтарын білдірді. 13 желтоқсан күні «Тәуелсіздік тұғырым» атты іс-шарадан балалар өзіне керекті дүниені жадына сақтап, өздері білетін тақпақтарын, әндерін айтып, би билеп өнерлерін көрсете білді. Сонымен қатар әр жыл сайын ерекше өткізілетін «Қош келдің Жаңа Жыл» ертеңгілігі өткізіледі. Жиын соңында қамқоршылық кеңесінің төрайымы кеңес мүшелеріне және балабақша ұжымына ынтымақтастықта жұмыс жасап жатқандықтарына, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдіріп, рақметін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы

1. Анарбаев Бахыт
2. Абдалиев Рамазан
3. Жандаралы Жансая
4. Кәмкебай Әсел
5. Бозтай Анар
6. Құралбеков Азамат
7. Жарылқапова Гүлжамиля

Кеңес отырысының шешімі:

1. Балабақша меңгерушісі Д. Турмаханбетованың жыл соңында атқарылған жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Мерекелік іс-шараларға тәрбиеленушілер толық қамтылсын.

Жиналыс төрайымы:



А. Жолдасова

Хатшы:



А. Тургумбаева

